

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы
қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 шілде N 942. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы Ереже б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі комиссия туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 1280 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы стратегиялық шабуыл жасау қаруларын жою жөніндегі үкіметтік комиссия туралы Ереженің 4 және 9-тармақтарындағы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

"Қазақстан Республикасында экспорттың бақылау жүйесін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 наурыздағы N 338 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 118-бап) 3-тармағының үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс

өнеркәсібі жөніндегі комитет" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-бап) 1-қосымшада:

1. 10 реттік нөмірлердің жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Респуб. Қару-жарақ және оған оқ-дәрілер, әскери-ликасының Қорғаныс техникалар, оларға қосалқы бөлшектер,

министрлігі жинақтаушы элементтері мен керек-жарақ.
тары, жарылғыш және пиротехникалық
заттар мен олар қолданылатын бұйымдар,
әскери уландырғыш заттарды және олардан
қорғану құралдарын, егер олар Қазақстан
Республикасының Қарулы Күштеріне талап
етілмесе өндіру;
босаған әскери-техникалық құралдарды
жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және
қайта өңдеу

10. Қазақстан Респуб. Қаруды (қызметтік-штаттық және азаматтық)
ликасының Ішкі және оған арналған оқтарды сату, қару
істер министрлігі жөндейтін шеберханаларды ашу және
тұрақты жұмыс атқару, өрттен қорғау
белгісін беру құралдары мен өртке қарсы
автоматиканы ретке келтіру және техникалық
қызмет көрсету өзін-өзі қорғаудың жеке
құралдарын әзірлеу
іс-кесу (детективті) және күзет қызметіне
байланысты мемлекеттік емес субъектілерге
заң қызметін көрсету"

28 реттік нөмір мынадай редакциядағы жолдармен толықтырылсын:

- "28. Қазақстан Респуб. Әскери-техникалық құралдарды, қару-жарақ.
ликасы Өнеркәсіп тарды, оқ-дәрілерді, әскери-техникаларды
және сауда минис. және оларға қосалқы бөлшектерді, қос
трлігінің жанын. мақсатта қолдану өнімдерін оларды өндіруге
дағы Қорғаныс қажетті арнаулы материалдар мен жабдықтар.
өнеркәсібі жөнін. ды, жауынгерлік уландырғыш заттарды, сон.
дегі комитет дай-ақ қорғану құралдарын әзірлеу, өндіру
және оларға қызмет көрсету
қаруды (қызметтік-штаттық және азаматтық)
және оған арналған оқтарды әзірлеу және
өндіру
шахталық ату қондырғыларын жою (құрту,
пайдаға асыру, көму)
әскери-техникалық құралдар мен екі мәрте
қолдану өнімдерін өндірістік кәдеге

жарату және қайта өңдеу"

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы

Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1287 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 сәуірдегі N 605 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 16, 183-бап).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 шілдедегі
N 942 қаулысымен
бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ САУДА
МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет (бұдан әрі - Қорғанысөнеркомы) Қарулы Күштердің, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамаларының мұқтаждары үшін қорғаныс және қос мақсатта қолданылатын арнаулы өнімді әзірлеуге және өндіруге қатысушы субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мен үйлестіру функциясын

камтамасыз ету жөніндегі салааралық ведомство және өкілетті орган болып табылады, арнаулы атқарушы және бақылау-қадағалау функциясын, сондай-ақ республиканың қорғаныс өнеркәсібін басқаруды дербес жүзеге асырады.

2. Қорғанысөнеркомының өз құзыретінің шегіндегі шешімдерді Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті органдары үшін міндетті.

3. Қорғанысөнеркомы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қорғанысөнеркомының орталық аппаратын ұстау Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде көзделген атқарушы үкімет органдарын ұстауға арналған қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

5. Қорғанысөнеркомы заңды тұлға болып табылады, оның банкте ағымдағы шоты, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гербі бейнеленген мөрі, сондай-ақ тиісті мөрлері, мөр таңбалары мен бланкілері бар.

II. Қорғанысөнеркомының міндеттері

6. Қорғанысөнеркомының негізгі міндеттері мыналар болып табылады: қорғаныстың жеткіліктілік принциптерінде қару-жарақты беру, әскери техника, оқ-дәрілерді және қос мақсатта қолданылатын өнімді жоспарлау, әзірлеу, өндіру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін басқару және құрылымдық қайта бағдарлау;

қорғаныс өнеркәсіп кешенінің ғылыми-технологиялық даму, конверсия, реформалау, инвестициялық және әлеуметтік саясат бағдарламаларын әзірлеу және оларды жүзеге асыру тетіктерін жасау;

өз құзыретінің шегінде жаппай қырып жоятын қаруды, стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын таратпау жөніндегі, сондай-ақ қару-жарақтар мен әскери техниканы шектеу, олардың өндірісін қысқарту, жою және кәдеге жарату жөніндегі халықаралық шарттарды, келісімдер мен міндеттемелерді жүзеге асыру;

қорғаныс өнеркәсіп кешенінде жұмылдыру қуаттарын құру, жинау және сақтау жөніндегі жоспарлауларға қатысу және орындауды ұйымдастыру;

жұмылдыру әзірлігі бойынша ТМД елдерінің мемлекет аралық ынтымақтастығы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

жергілікті атқарушы өкімет органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып,

Қорғанысөнеркомының қарамағына берілген кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару және қорғаныс және қос мақсатта қолданылатын өнімді әзірлеу мен өндіру саласында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін салааралық үйлестіру;

қару-жаракты және әскери техниканы жасау, сату және сатып алуда экспорттық-импорттық бақылауға қатысу;

қару-жаракты, әскери техника мен оқ-дәрілерді қос мақсатта қолданылатын өнімді әзірлеу және өндіру, жөндеу мен техникалық қызмет көрсету саласында кез келген меншікті нысанындағы кәсіпорындардың қызметін лицензиялау;

мемлекетаралық келісімдерге сәйкес қорғаныс кешенінің өнімін сатып алу және беруге арналған мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыруға қатысу және оны жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын ұйымдастыру;

қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын дамыту бағдарламаларын, конверсиялау бағдарламаларын, сондай-ақ жұмылдыру қуаттарын құру, сақтау және дамыту, қару-жарақтар мен әскери техниканы дамыту бойынша НИОКР жүргізу бағдарламаларын қаржыландыру жөнінде Қазақстан Республикасына бюджетін қалыптастыруға қатысу;

шетелдік ведомстволар, компаниялармен, кәсіпорындармен әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық байланыстар орнату.

3. Қорғанысөнеркомының функциялары

7. Қорғанысөнеркомы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай негізгі функцияларды орындайды:

қорғаныс және қос мақсаттағы өнімді әзірлеу мен өндірудің ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп олардың жүзеге асырылуын бақылайды;

мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындау, қорғаныс өнеркәсібін дамыту және конверсия бағдарламаларын жүзеге асыру бөлігінде заңды және жеке тұлғалардың қызметін үйлестіру және бақылау бойынша, сондай-ақ ғылыми-техникалық зерттеулер, қару-жарақ пен әскери-техниканы әзірлеу және өндіру бойынша мемлекеттік уәкілді органның функциясын жүзеге асырады;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде ғылыми-техникалық және технологиялық даму бағдарламаларын әзірлеуге қатысады. Қорғанысөнеркомына ведомстволық кәсіпорындар мен ұйымдар құрылысын кеңейту, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтау туралы жобаларына қорытынды береді;

қару-жарақтарды, әскери техниканы, оқ-дәрілерді арнаулы материалдарды, заттық мүлікті және керек-жарақтарды экспорттық-импорттық беру саласында

мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысады;

қорғаныс-өнеркәсіп тапсырыстарын, жұмыстарының, қызмет көрсетулерін жүзеге асыруға қатысушы кәсіпорындарды мемлекет иелігіне алу мен жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

өнімнің бәсекелестік қабылеті мен сапасын қамтамасыз етуге, қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде ғылыми-техникалық және өндірістік әуелетті тиімді пайдалануға бағытталған бірыңғай техникалық саясатты жүргізеді;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің ғылыми-техникалық және өндірістік әуелетін тиімді пайдалануды ұйымдастырады;

жаңа технологияларды әзірлеу мен өндіруді, сондай-ақ қару-жарақты, әскери техника мен оқ-дәрілерді кәдеге жарату мен жою жөніндегі жұмысты үйлестіреді ;

қару-жарақты, әскери техника және оқ-дәрілерді, сондай-ақ қос мақсаттағы өнімді әзірлеу, өндіру, жөндеу мен техникалық қызмет көрсету саласында заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялауды жүзеге асырады, аталған қызметке жіберілген кәсіпорындардың реестрін жүргізеді, қызметтік-штаттық, азаматтық қару мен оларға арналған оқ-дәрілерді өндіруге белгіленген тәртіппен л и ц е н з и я б е р е д і ;

қорғаныс-өнеркәсіп құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдарды жұмылдыру дайындығы жөніндегі шаралардың орындалуын ұйымдастырады;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарына шетелдік әріптестерімен тікелей өндірістік және ғылыми-техникалық байланыстар орнатуда жәрдем көрсетеді, олардың сыртқы экономикалық қызметін жетілдіру ж ө н і н д е ұ с ы н ы с ә з і р л е й д і ;

Қазақстанның және басқа да мемлекеттердің қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің дамуының тенденциялары мен серпініне талдау мен шолулар әзірлейді;

жаппай қырып-жоятын қаруларды, стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын таратпау жөніндегі, сондай-ақ қару-жарақтарды шектеу, жою және қысқарту жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, келісімдері мен міндеттемелеріне байланысты жұмыстардың орындалуын ұйымдастырады;

жұмылдыру жұмысы, ғылыми-техника және технологиялар саласында халықаралық келісімдерді әзірлеуге қатысады, қару-жарақтар мен әскери техниканы әзірлеу және өндіру жөніндегі кооперациялық байланыстар туралы к е л і с і м ж а с а й д ы ;

конверсиялау және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған мақсатты, инвестициялық кредиттер мен басқа қаржыларды беру мәселелерін шешуге қатысады;

қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің құрамындағы әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың оларды акционерлендіру немесе олардың

қызметін экономикалық реттеудің басқа шешімдері мен әдістерінің мәселелері жөнінде шешім қабылдауда олардың кеңестері мен жиналыстарының жұмысына қ а т ы с а д ы ;

қорғаныс-өнеркәсіп кешені қызметінің мәселелері бойынша заңдарды қолдану практикасын қорытындылайды, ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізеді.

4. Қорғанысөнеркомының құқықтары

8. Қорғанысөнеркомы қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларға сәйкес мынадай құқықтарға ие:

мемлекеттік және өзге де органдардан өздерінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен сұрап алады
ж ә н е а л а д ы ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқарудың басқа органдарының құзыретіне кіретін, бірақ қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің мүдделерін білдіретін шетел мемлекеттерінің, халықаралық ұйымдардың экономикалық, әскери-техникалық ынтымақтастығын әзірлеуге, қарауға және келісу мәселелеріне қатысады;

инвестициялық ынтымақтастық, сондай-ақ олардың қызметін республиканың ішінде және халықаралық деңгейде кредиттеу қызметі саласында қорғаныс өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының мүдделерін білдіреді;

қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының қызметіне қатысты, оның ішінде шетел инвесторларының қатысуымен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

осы мақсаттар үшін сарапшыларды тартады. Қару-жарақтың жаңа үлгілерін және әскери-техниканы, оқ-дәрілер мен қос мақсаттағы өнімді, конверсия бағдарламаларын әзірлеу мен оларды сараптау бойынша елде, сондай-ақ шетелде ұйымдармен, мамандармен шарттар жасасады;

өз құзыретінің мәселелері бойынша мемлекеттік реттеу мен салааралық үйлестіруді қамтамасыз ететін нормативтік материалдарды шешімдерді белгілеген тәртіппен шығарады;

қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының қаржы-экономикалық қызметін тексеруге қатысады;

қорғаныс-өнеркәсібі кәсіпорындарының, ұйымдарының басшыларын тағайындау немесе босату туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізеді (к е л і с е д і) ;

қорғаныс пен республиканың қауіпсіздігінің мұқтаждарын қамтамасыз ету жөнінде әртүрлі нысандағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларын

тындайды, өз құзыретінің шегінде тиісті ұйымдық шаралар қабылдайды;
белгіленген құзыреті шегінде қабылданған шешімдердің орындалуына тексеру жүргізеді, осы мақсат үшін келісімі бойынша республиканың мемлекеттік органдарының мамандары мен қызметкерлерін тартады;
өзінің құзыретін кіретін мәселелерді талқылау кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдарды тартады;
өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалардың өзара іс-қимылын үйлестіруді жүзеге асырады;
үйлестіру кеңесін құрады. Кеңестің дербес құрамы мен ол туралы Ережені Қорғанысөнеркомының төрағасы бекітеді.

5. Қорғанысөнеркомының басшы органдары

9. Қорғанысөнеркомының Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі лауазымға тағайындайтын және одан босататын төраға басқарады.

Қорғанысөнеркомы төрағасының Қорғанысөнеркомының Қорғанысөнеркомы төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі тағайындайтын орынбасарлары болады.

10. Қорғанысөнеркомының төрағасы:

Қорғанысөнеркомына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады, өзінің орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі;

Қорғанысөнеркомы жұмысының жоспарын бекітеді;

Қорғанысөнеркомы бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады және өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдар пен тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы міндетті нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларын ынталандыру немесе оларға тәртіптік шаралар қолдану туралы тиісті министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдарға ұсыныстар енгізеді.